

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 711 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 29 тамыз N 1125. Қаулының күші жойылды - 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ипотекалық кредиттерді қамтамасыз ету үшін жер учаскелері және жер пайдалану құқығы кепілінің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 711 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 27, 229-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

к і р і с п е д е г і :

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 24, 159-бап) және "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 24, 165-бап) Заң күші бар Жарлықтарына" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2723 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 24, 165-бап) Заң күші бар Жарлығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ипотекалық кредиттерді қамтамасыз ету үшін жер учаскелері және жер пайдалану құқығы кепілінің тәртібіндегі:

2-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепіл берушіге жеке меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскесі кепіл болуы мүмкін";

11-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК